


1 2007  
34 к



Жыр  
жашары

Есенбай  
ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ

# Ұланғайыр




**Есенбай Дүйсенбайұлы**

# **Ұланғайыр**

**Өлеңдер мен дастандар**

**Алматы  
«Раритет»  
2006**





ЖЫР  
жаяңары

Есенбай  
ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ

891.512.122  
Д 84

# Ұланғайыр

Өлеңдер мен дастандар



**ББК 84Қаз7-5**

**Д87**

**Казақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі  
бағдарламасы бойынша шығарылды**

**Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді**

**Серияның негізін салған *З. Серікқалиұлы*  
Көркем безендірмесі негізін салған *А. Тіленшиев***

**Дүйсенбайұлы Е.**

**Д87 Ұланғайыр: Өлеңдер мен дастандар. — Алматы:  
Раритет, 2006. — 272 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.**

**ISBN 9965-770-16-6**

Ел ақыны Есенбай Дүйсенбайұлының бұл таңдамалы томшығына туған жер табигаты, уақыт және заман, когам және адам, оның өмірдегі орны, тіршілік мән-мағынасы жайлы толғаныстары топтастырылды.

Қазақ елінің әлеуметтік-қоғамдық өмірінде кейінгі жиырма жыл тәніретінде болған үлкен рухани және саяси өзгерістер кітаптың екінші беліміндегі «Қайта бастау» дастанында бейнелентен.

**ББК 84Қаз7-5**

**Д 4702250202-16  
413(05)-06**

**ISBN 9965-770-16-6**

© Дүйсенбайұлы Е., 2006

© «Раритет» БҚ, 2006

© Безекшірген Б. Серікбай, 2006

## БОЗАЛА ТАҢНЫҢ БОЗТОРҒАЙЫ

*Жетісұдың көктемі  
Күнде нөсер, көк мекен.  
Біздің ауыл шөптері  
Шөлдеп тұрган жоқ на екен?*

*Алматының гүлзары,  
Алатаялы дүр мекен.  
Біздің ауыл қыздары  
Күнге күйіп жүр ме екен?*

Мұның несін айтады? Арнайы өлең жазбаса да белгілі гой. Әрине, шөлдеп тұр, әрине, күнге күйіп жүр... Сонда да... осында бәрі бар. Сагыныш сазы десеңіз де, көңіл-күй көрінісі десеңіз де, табигат суреті десеңіз де, тіпті жеңіл де жылы юмор десеңіз де... бәрі бар.

«Құйқылжын тұрар кешкілік құстар бар құйттай, өрімдей, өлеңі гана естіліп, өздері көзге көрінбей» — Есенбай Дүйсенбайұлы осы шумагында өзі туралы да айтқандай сезіледі. Астанага қошкенге дейін Алматыда отыз жылдан тұрган мен Жазушылар одагына талай бара жүріп, осы ақынды бір де бір көрмегенімнің өзі көп жайды аңғартатын сияқты. Алайда өзін көрмегенімізben, біз осы отыз шақты жылдың ішінде ұлттық әдебиетіміздің аспанына Есенбай ақын шығынданған шыгарып, шырқыратта шырқытып берген бозторғай үнін естідік те отырдық. Сырбаз да сұлу суреткер Сағи Жиенбаев: «Есенбай ешқандай қоспасы жоқ, табигаттың аузынан түсे қалған ақын. Әр өлеңінен көктемі даланың жұтар ісі келеді. Дүниені сезінуі болек, оны өзгеге сезіндіруі де болек. Мен Есенбай өлеңдерінен Жем бойынан өзім көрмеген керемет суреттерді көргендей болам. Сол суреттердің ішінде жүргендей сезінем. Оның өлеңдерінде жалған дыбыс, жасанды бояу болмайды», — дегенде, жырдағы жолын құган інісінің өрелі өнерінің өзіндік өрнегін тап басып таныған.

«Осынша жыл жазғанда, мұнша кітап шыгарғанда, олеңге өзімше қосқаным не?» деп шындап ойланар болса, Фариза Оңгарсынова айтатында, «соңғы сөзіне үйлесті создер тауып және соны «олен» деп өзін де, өзгені де сендіретін» талай ақынның қиналып қалары рас. Жақсы ақын болып алу үшін жақсы олең жазу жетсе, жетер, алайда жақсы ақын болып қалу үшін ол аздық етер. Бәрінен бұрын, «о, мынау бәленише гой» дегізетін өзіндік бет керек, ол үшін болекше бейнелер, бояулар керек. Есенбай Дүйсенбайұлында ондай бет бар — ақынның аты қазақ поэзиясына бозала таңың өзіне дейін ешкім де дәл осындағы етіп салмаган сұлу суреттің салып бергендігі мен дарқан даланың гимніндегі бозторгайдың өзіне дейін ешкім де дәл осылайша төгілдіріп алып келмеген сырлы сазын алып келгендігі үшін де құрметпен аталуга лайықты. Ақынның татаусыз төгілетін тіл кестесі, әсем әндей естілетін сөз сазы, шешен де шебер орайласатын образды орамдары Есенбай Дүйсенбайұлын бүгінгі қазақ жырының өрен жүйріктегінің қатарына қиналмай қосуга мүмкіндік береді.

«Әуелден сол ма пешене, от шыга қалар бетіме. Озыңыз төрге десе де, отыра кетем шетіне» — осылай сөйлейтін сыпайы суреткердің үндеңі жүріп үлкен еңбек еткенін жырсайер қауым көрсін, бағаласын деп, «Алтын көр» сериясымен шығып отырған таңдамалы томдығына осы беташар сөзді жаздық, ардақты оқырман қауым.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ

# ӨЛЕНДЕР

---

## Бозала таң мен бозторғай

\* \* \*

Домбыра-дала қуанған  
Бозжорға дейтін күй төгіп,  
Бойжеткен-орман, ну орман  
Бозала сулық бұркеніп;

Қиқуға толып қыыр бар,  
Будақ та будақ бұлт өріп,  
Мойның бір соған сиырлар  
Көкжиек-көлге сүйкеніп;

Түріп те тұнді ту алыс,  
Сүйінші күтіп, сый күтіл,  
Боз атқа мінген Қуаныш  
Келеді шауып қүйғытып.

Келіп те қалды енді, міне,  
Шашуды, жұртым, шаш арнап!  
Күмбір де күмбір кең дүние,  
Күннің де көзі жасаурап...

Бозанда шырқап бозторғай,  
Бусанып түр ғой бояу-бак.  
Бозбала өмір ой толғай,  
Бозала танда оянбак!

## СӘУІР КЕЛГЕН СӘРІДЕ

Қойны көктем, жылы бак  
Қолаң шашын бұрымдап,  
Тал басына шығып ап  
Таң торғайы шырылда;

Қаз дауысты аспанның  
Қанатынан сүйл кеп,  
Кеудесінде жас талдың  
Жапырақтар уілденеп;

Қызғалдақтар дірілден,  
Тұңғыш көрген шуақты...  
Қосыла-қосыла біріндеп,  
Хорға айналды қуатты.

Сәуір келген сәріде  
Сылқым, күміс сыңғырлы,  
Бастап кетті бәрі де  
Жалпыға ортақ бір жырды:

— Ерте оянған көгінде,  
Есен бе, Таң,  
Сәлем, Құн!  
Ән әкелді өмірге  
Әлсіздері өлемнің.

Әнімізде нұр-шаттық!  
Нәм әдемі мұң қанша?!

Көктем-ғұмыр бір сәттік,  
Көзді ашып-жұмғанша.

Найзағайдан от бүрік,  
Тыншыма, Құн!  
Жұз, Кеме!  
Ұзак жасау, көп тұрып,  
Мұрат емес бізге де.

Сол жалқы сәт-жарасым  
Жетіп жатыр, жетуде —  
Жер мен көктің арасын  
Желпінтіп бір кетуге.

\* \* \*

Қарлы қыстың қойнында жаз жаралып,  
Сөүірлерде сәулелі саздар ағып,  
Табиғаттың келеді көктемдерін  
Қаңқылдаған қанатты қаздар алыш.

Шүйкілдетіп төбелер шүйгіндерін,  
Күмбірлейді керемет күй күндерім,  
Барлық туды бойлатып көк аспанға,  
Барлық елдің ойнатып гимндерін!

Құзырларды сыпрыш құзар әні,  
Кеуделерден көшеді мұз аралы...  
Көктем сайын анадан қайта туып,  
Адамзаттың өмірі ұзарады.

## ҚҰМАЙ

Италақаздың аруы  
Томага-тұйық тез күнде,  
Бойдағы қуат-қаруы  
Бордай боп тозған мезгілде

Көлденен қөзден қорғалай,  
Кеудесі тола дірілге,  
Құлайды келіп сорғалай  
Құмдауға біткен бір інге.

Ада қып сосын қайғысын,  
Адал боп ана ғұрыпқа,  
Туады екен байғұсын  
Бар-жоғы үш-ақ жұмыртқа.

Тамызып майын ауыздан,  
Толғайды қарттар былай деп:  
Бір балапаны қауыздан  
Қыңсылап шығар құмай боп.

Асырап алса адамзат,  
Хайуанның осы құйыны  
Аспанның астын базарлап,  
Бұлт соғып өтер бүйірі.

Жебедей болып азынар,  
Жетпейді оған сұңқарлар,  
Жердегі бүкіл тазылар,  
Желден де жүйрік тұлпарлар.

Құс қайтар кезде  
базына  
Қарасулар мен қырға айтып,  
Ілесер құмай тазы да,  
Италақазбен бір қайтып.

Кесіртке көзді шөлдерден,  
Кесе таулардан тіс-түрен,  
Кес-кестеп шыққан қөлдер мен  
Дариялардың үстінен

Секіре-секіре бір танбай,  
Жылы жақ болып серті нық,  
Өледі екен жете алмай,  
Өкпесі өшіп, ентігіп.

...Дүние-аяу, белді буған сон,  
Қыындық, қиқу тіленген,  
Италақаздан туған сол  
Құмайға ұқсас ұл ем мен.

Арманым алда бар қанша,  
Жетпейін я жетейін —  
Өкпем бір өшіп қалғанша  
Құмай боп қуып өтейін!

\* \* \*

Бұрсанған бұлтты сәтте бір  
Бұлағай желдер аударды.  
Құлімдеп тұрды тәтті өмір  
Көтеріп бәбек-тауларды.

Толықси берді гүл қаптап,  
Толтырып өртке бауларды.  
Бойжеткен-шынар бұлғақтап,  
Кәмелет нұры лаулар-ды.

Жер үсті енді желпініс,  
Женгендей жебір жауларды.  
Дүние тыныш, мен тыныш,  
Шешкендей шие дауларды.

Дүние неткен жарық-ты,  
Сағымнан азат сай-шындар...  
Саф таза осы қалыпты  
Сақтайтын мәнгі қайсың бар?!

\* \* \*

Алансыз дәурен аспаны жұлдыз, құс толы,  
Жалт ете қалды сынаптай бейне сырғанап.  
Жатыр әйел,  
Гинекология столы...  
Ұятыз тұн терезеден қарап.

Тұруға оның дәрмені жоқ қой, сол батып,  
Атуын таңың асыға күтер тез арып.  
Бір өмірді,  
Бір үмітті толғатып,  
Жатыр әйел жапырақтай бозарып.

Жас ару жатыр... азабы әлі жалғасқан,  
Жан өлемінің жарық сәулесін толғатып.  
Бозаң белде борай да орай талмастан,  
Бозжорғалы таң келеді жол қатып!

Кенелте, міне, жарылқау үшін ағынан  
Келіп те жетті тыксыра қуып тұнекті.  
Дарига, сонда бір өмір  
Әйелдің аяқ жағынан  
Бозала таңда бозторғай болып шыр етті!

\* \* \*

Соғыстан соңғы жыл еді,  
Бозала таң мен бозторғай мұны біледі.

Таскерен ажал әжеме менің келді тік,  
Таң алдында талықсып кетті дем бітіп.  
Еңірей сонда есікten шыға жөнелдім,  
Көзімнің жасын жалмауыз қара жер жұтып.

Табиғат өзі көшіріп келіп қырды ояу,  
Бозшағыл үсті арай да арай нұр-бояу.  
Ұшында көздің, бозала таңнан берірек,  
Ұшырасып тұр бір атты кісі, бір жаяу.

Бұлттарға бұлғап басына киген қалпақты,  
Ауылға қарай ағыза шапты салт атты.  
Тіріліп кенет, бір үміт демеп мен тұрдым,  
Балапан өмір, балдырған өмір бал-тәтті.

Қалпақпен серпіп қасірет бұлтын қаптаған,  
Бозала таңда бората шапқан атты адам:  
— Сүйінші, бала, көкешің келді, келді! — деп,  
Тасыр да тұсыр таяла берді тап маған.

«Өмірден енді өгейлік көрмей өтем!» деп,  
Тенселе баспай, тең бастым сонда бекем бол.  
«Жарық дүние, жан көкем келді, көкем!» деп,  
Аспанның астын дауысқа әбден толтырдым,  
Тарай да тарай тауларға қарай жөңкілді үн!

Көкек те байғұс «көкен» деп өнге сала бір,  
Жаңғыртып айтты көшіп те көшіп дала, қыр.  
Дариға, сонда жалғасқан өмір, жаңа жыр,  
Бозала таңда көз жұмып кеткен кемпірдің  
Бас жағында бозторғай болып сен тұрдың!

## СЕНГІР ТАУЫМ СЕН ЕДІҢ

*Әжем Канымға*

### 1.

Тілеуінді мен тілеп-ақ едім тағдырдан,  
Қара шаңырағымды қалдыра көр деп нұсқаға.  
Сабылып келгенде сан қырдан,  
Сая керек қой құсқа да.

Сенгір тау сындаған сендей бір тұлға керек-ті  
Ер-азаматқа ел қамын ойлар тұста да.  
Әжесін іздел сұрады бүгін деректі  
Үш бозторғайым — үш бала.

Аяулы қартым, арманды білсөң мендегі  
Арандаң қалған албырт шақтарда сезімге.  
Тен құрбымнан терезем титтей кем бе еді  
Төрде отыратын кезінде?!

Бордай тозбап ем бозінген-шерге бой сынатып,  
Өмірде көрген қияметім екен көнбес бұл.  
Орнынды сенің ойсыратып,  
Омыраулап өтті он бес жыл.

Содан бері мен сан иірімдерден су іштім,  
Мың мейірімдермен туыстым.  
Көңілдер шықты алдымнан талай айнала көл,  
Мандайымнан сипады қанша майда қол,  
Махабаттардың өртеді қанша от лебі...

Бәрі де соның сен айтқан  
«Айналайын» деген бір ауыз сөзге жетпеді!

## 2.

Басымнан кейде бақ ұшып,  
Еңкейтіп алсам еңсені,  
Тұндерде тоқсан табысып,  
Түсімде көрем мен сені.

Атынды, әже, адақтай,  
Айтпауға бармас дәтім де  
Балдырғанымды таң атпай  
Бақшаға сүйрер сәтімде.

Бейнетсіз, сірә, бақ бар ма,  
Тірлікте тынбас құресім.  
Дем беріп қызын шақтарда,  
Сен келіп кетіп жүресің.

## 3.

Қабыл болып ақ тілеуі — тобасы,  
Қалдайбекте қалды әжемнің моласы.  
Атын жазып туған жердің тасына,  
Айқұлақты там салмадым басына.

Келсе-дағы ел қатарлы болғысы,  
Кедейлікте ғұмыр кешті ол кісі.  
Бейіті де... үқсайды сол сүр төбе  
Бейнеттеніп бізді өсірген күркеге.  
Көз тіріде көре алмаған бір қызық,  
Өлгеннен соң үстіне үй тұрғызып,  
Жарылқауым кімге керек қарық қып,  
Жарлы қалпы жата берсін, жарықтық.  
Жоқ күмбез де, мәрмәр құлпытасы да,  
Шыбық шаншып кеткенмін мен басына.  
Осы күні айналып ол қайынға,  
Шуылдан тұр шуак дүние жайында.

### ЕСКІ ЖҰРТ

Қант түгіл, кара суын балдай деппін,  
Мен ақын баласы едім Қалдайбектін.  
Арманның айлы тұні адастырып,  
Ат ізін сол ауылға салмай кеттім.

Білмеймін сертім қандай, өртім қандай?  
Көрмесем, қадірім мен көркім бардай,  
Алыстан сыйласқанды өлең етіп,  
Өзімше болып журмін бөркім дардай.

Екі-ак үй Екінші ауыл елдей мекен,  
Ертесем желмаямды, желмей жетем.  
Әлде мен етегі елпі, жені желпі  
Жылдарға қайта оралғым келмей ме еken?

Дүние болып еді тар маған да...  
Апымай, ескі жұртқа бармағанда —  
Есенбай дейтін сол бір кедей жайлы  
Естелік тірлітуге арланам ба?

Аға жұрт, ак кіреуке тон-жағам бар,  
Қонбадым қонысыма қомадаған нар.  
Жетімді жеті өкеден жіберетін  
Ат мінген ак жабулап Ондағандар

Айтпаймын елге бұлік салды-ай деп те,  
Ел оны жақсы көрді жандай деп те...

Көжесін интернаттың қатар ішкен  
Көп достан кім бар еken Қалдайбекте?

Сайрамай сандуғашы сазарып таң,  
Жатақпен қоштасар күн маза құртқан.  
Әкемнің табан ақы, маңдай терін  
Тіленіп нән бухгалтер Қазановтан,

Жыр жазып, жанарымнан жас парлаттым...  
Қаржы алып қанындаі бір қасқалдақтың,  
Өрмелеп Алатауға кете бардым  
Өрімен арман атты баспалдақтың.

Ұлы ағыс толқындарын ұластырып,  
Жылдарды домалатты қыр астырып.  
Сырмінез сол ауылға соқпай кеттім,  
Сыртынан амандығын сұрастырып.

Өрімдей қауырсыны көк өспірім  
Көрінбей, көңіл, неге емексідің?  
Аспанға асатаяқ лақтырғандар  
Бүгінде қойдан қоңыр деп естідім.

Заманы мейірленіп, зейін беріп,  
Жас қауым ағалыққа бейімделіп...  
Алды ма ел тізгінін өз қолына,  
Өмірге біздің үрпак кейін келіп?

Дауасы сағыныштың бар ма мына,  
Жырды да, жинап қойып шаруаны да,  
Барып бір қайтсам деймін Қалдайбекке,  
Әжемнің сәлем беріп аруағына!

\* \* \*

Кимесек те біз көк сауыт,  
Көз ілмей өтті не тұндер.  
Жиделі сайда шөп шауып,  
Жорықта жүрдік жетімдер.

Даусында сұық ызғар жок  
Тайқара қайда, таңсөрім?

«Жұмысқа шығыңыздар!» деп  
Айғайлағанын аңсадым.

Сыпа бір белден боратып,  
Сыптыра сәуле томаға,  
Сыптыра бізді оятып,  
Сықпыштатуғын сол аға.

Ол да бір қызық күй еді  
Азан да қазан жайларға.  
Тапырақтатып түйені,  
Тан атпай салдық сайларға.

Өлеңім еді туатын  
Бригадирлер сүйкімді.  
Бөліп те бөліп қуатын  
Бөрліккен қойдай үйқымды.

Көнеки, жылдам жет, күндер,  
Желкілде, жердің ну көгі!  
Жым-жырт боп қайда кеттіндер,  
Даланың дабыл-гудогі?!

Атса да қанша іркілмей,  
Бозала тандар бояп қас,  
Ұйықтап бір қалсақ бұл күнде,  
Бізді енді ешкім оятпас!

\* \* \*

Бозбауыр аспан иіп бір,  
Рақат жаңбыр қүйип тұр.  
Тобықтай ғана бозторгай  
Тобылғыдан алласа,  
Тораңғыдан биік тұр.  
Толқын-толқын күйіне  
Тоқсан тарау сыйип тұр.  
Тылсым тартып дүние,  
Тыңдай берді үйип қыр.  
Мықты болсан, бозбала,  
Өмірде сен де ой аулап,  
Бозала тандай бояу жақ,  
Бозторгайдай күй үқтыр!

\* \* \*

Көрінді бұлттан қыык құн,  
Көңіл де ояу, көз де ояу.  
Сен барсың бірақ, сүйіктім,  
Бозторғай бояу, боз бояу.

Ерте де, кеш те төгіп жар,  
Естіліп тұрар ер даусың.  
Сен жүрген жерде өмір бар,  
Өмір бар жерде сен барсың.

Ән-жырың тозбай, ой тозбай,  
Толқып та толқып толғарсың.  
Сен жүрген жерде бозторғай,  
Бозторғай барда сен барсың.

Өзіңсіз күндер озар ма,  
Отырмын тағы ой толғай.  
Таңымның аты — Бозала,  
Торғайдың аты — Бозторғай.

Боз бояу тұр ғой көзге ұрып:  
Даланың аты — Боздала,  
Жігіттің аты — Бозжігіт,  
Баланың аты — Бозбала.

Шулардан шаршап тозғанда  
Жайлауга барсам өзім мен:  
Жорғаның аты — Бозжорға,  
Күйдің де аты — Бозінген.

Әрі асып бұлттан, ақыным,  
Аспанда бір сәт көз жұмсан,  
Ііскеп отыратуғын  
Дәрінің аты — Бозжусан.

Азамат кетсе бір асыл,  
Боздағым деп те жатар кеп.  
«Бозторғай құстың ұясы  
Бозанда болар» (Махамбет).

Беу, дүние, бұлар аз екен,  
Болмаса қайран ақыр түк,  
Қазаға қарсы Қазекен  
Бозқасқа шалар бақыртып.

Ерте де, кеш те игі үні  
Естіліп тұрап ой қозғай.  
Бозбала күннің гимні —  
Бозала таң мен бозторғай!

\* \* \*

Ақжакұт аспанынан аунаған нұр,  
Сұрасам, берер ме екен тау маған жыр?  
Айта алмай, күдіктенем...  
Үміт деген  
Үлпілдек ақша бұлт па жаумаган бір?

Ассам да асу-асу неше белес,  
Көнілдің көгінен сол көшер емес:  
Бозбала — жігіттікке жетпеген ұл,  
Боз жаңбыр — өзірінше нөсер емес.

Құландаидай қаққа қанған құла дүзде,  
Құмардан шығармыз ба мына біз де?  
Бозторғай бозандағы — бұлбұл емес,  
Бозжорғам — дүлдүл емес бұл әзірге.

Қоздатып сан сұрақты қоза ма қан,  
Мен қайтсем акқу-шанынан созам арқан?!  
Құн жақтан хабар алыш... көз ұшында  
Бозарып келе жатқан бозала таң!

\* \* \*

Соқты дауыл, жарқ-жүрк етіп жасын да,  
Ту-талақай кетті тегіс туласап қыр.  
Жерге айналған бір боздақтың қасында  
Желен төсті жалғыз қайың шулап түр.

Көшті дауыл, өшті нөсер, жасын да,  
Жауыннан соң шыға келді жайнап қыр.  
Өлген солдат бейітінің басында  
Өмір даусы — бозторғайлар сайрап түр!

\* \* \*

Майдағы шыққа майса бау  
Малынып түрдү таңертен.  
Жаңбырдан кейін жайсан-ау  
Жайнаған гүлдей жан өлкем.

Көз жетер жердің көлемін  
Көміп сап күміс тозаңға,  
Бозала таңның өлеңін  
Бозторғай жырлап бозанда,

Жұпарын ішіп шөптердің,  
Жел жетті қыздың деміндей...  
Кездер-ай, кездер көктемнің  
Алғашқы күркіреуіндей!

\* \* \*

Кетті қайда жалтарып,  
Қараңғылық дірілдеп?  
Таңдайынан бал тамып,  
Таң келеді сібірлеп!

Май айының бұлбұлы,  
Масайрайды жыршы құс.  
Елбірейді тұз гүлі,  
Елжірейді күншығыс...

\* \* \*

О, менің көктем күнім, жаз заманам,  
От едім лауламаған, маздамаған.  
Сен мені кешіре көр, кезім болса  
Хал-жайын қара бастың қазбалаған.

Тып-тыныш түн мұнарын түріп өктем,  
Шырайлы шырын таңның нұры жеткен.  
Оятқан шырт үйқынан дауылдар да  
Үстінен жүргігінің жүріп өткен.

Шерді де, шаттықты да білемін әр,  
Көтеріп шашбауынды, тіледім нәр.  
Толғансам түн үйқымды төртке бөліп,  
Тірлік деп тыптышыған жүргегім бар.

Бұл жүрек арманы мол, жыр-әні көп,  
Ойламан мәңгі соғып тұрады деп.  
Өртеген өзегімді өлең үшін  
Дүниеге келгенмін мен бір-ак рет!

### ҚАЙДАСЫҢ, ОЙЫН БАЛАСЫ

Сағынып тұрмын, қараши!  
Қайдасың, өзен жағасы,  
Қызыл гүл жастық, жаз белес?  
Қырықтың ызғын даласы,  
Көктем мен күздің арасы —  
Мен көрген өмір аз да емес.

Кезімнің бейне қарасы,  
Қайдасың, ойын баласы,  
Ойында алаң жоқ белес?  
Өң менен тұстің арасы,  
Таң менен кештің арасы —  
Мен көрген өмір көп те емес.

Аңсатып жүрген арман боп,  
Алдында әлі тандар көп,  
Алаула, мазда, шоқ-сезім.  
Отқа да суға салған көп  
Өмірден кейін қалғам жоқ,  
Озып та көрген жоқ кезім.

Бозжорға қүйім, боз әнім  
Боратып жолдың тозаңын,  
Болашаққа қол созамын.  
Болдырган жоқпын, қожамын  
Болмысқа, жүрек-тізгінге.  
Бір күні өмір біздің де  
Біледі бастан озарын,  
Бозжорға қүйім, боз әнім.

\* \* \*

Бұлт қонбаған ажарына,  
Кеудесінде боран бәсен —  
Балалықтың базарына  
Енді қайтып оралмас ем.

Сөніп сол бір шат фонтандар  
Қалсын мейлі, қалма мейлі,  
Батқан күндер, атқан таңдар  
Ылғи: «Алға! Алға!» — дейді.

Алға сүйреп айтулы арман,  
Жол жүреміз арып-талып.  
Сакта кейін қайтулардан,  
Біраз жерге барып қалып!

\* \* \*

Бозжорғам, бозала таң, есенбісін!  
Боз дәурен, сен де бастан көшермісін?!

Көшпейтін амал-айлаң табылса бір,  
Көшелер болмай тұрып абыр-сабыр!

Осы бір қаранғы да, күндіз де емес,  
Ай да емес сүттей жарық, жұлдыз да емес;

Себездеп саз беріп тек әлі атпаған,  
Тұмсығын көкжиектің қанатпаған;

Үлкен бір құпиясы бар асылдай,  
Үміттей, өң мен түстің арасындей;

Ұлы өмір жатқан шақта үйқылы-ояу,  
Бозамық, қоспасы жоқ шикі бояу;

Бесіктен алынбаған бала деуім  
Жарасар елең-алаң, алажеуім

Қалпында құмарымды құрытқан сан,  
Беу, жақсы болар еді-ау тұрып қалсан!

Тұрмайсын, күн сәулесін жамылса қыр,  
Дүние болады да абыр-сабыр;

Қым-қуыт қарбаласпен тілдестіріп,  
Таң атса — тағы да тез күн кешкіріп;

Ат ізін сәби дәурен өрі салып,  
Сөттерден сабак болар дәріс алыш;

Маздатып өртегенше іңір отын,  
Өмірдің майданында жүгіретін —

Тірлікте кекселену басталады,  
Тісқаққан ғып кешегі жас баланы.

#### ТӨРТ БОЯУ

Боз даланың боз кешу нұындағы  
Бозала таң — бөбектің туылғаны.  
Шықкан ақ күн — бозбала азамат боп,  
Ат мініп, ақ жолға бел буынғаны,  
Адам қолы жасаған үяттардың  
Қызыл іңір — қызартып қырығаны,  
Қараңғы түн — көңілі суынғаны...  
Алма-кезек төрт бояу құбылады  
Құбылмалы аспанның туындағы!

Көріп тұрып қектегі ала бұлтты,  
Табиғаттан таптым бір даналықты:  
Боз, ақ, қызыл һәм қара — төрт бояудан  
Адамның да тағдыры жаралыпты!

Бозторғайы секілді ең боз даланың,  
Сезбей қалдың сезімді ән қозғағанын.  
Үміт түнін жамылыш үй сыртында  
Қыз күтетін бозарып бозбала күн.

Қарашада қаздардың қанқылдарын  
Қанша ұзатып қайғырды жарқын жаның?  
Ақ, көңілің алданған кезге дейін  
Ағыңдан тек жарылыш анқылдадың.

Сыздатып та сенбестік сываттары,  
Тағы мәлім тағдырдың мұз артқаны.  
Жадында ма түйекқа тіреліп қап,  
Ақ бетінді ар-намыс **қызартқаны**?!

Сөулеленіп күншығыс шар айналы,  
Кірпігінен қанша таң арайлады?!

Ұмытылмай жүр шығар мұндасатын  
Дос та таппай көзіңнің **қарайғаны**?!

Көріп тұрып қөктегі ала бұлтты,  
Табиғаттан таныдым даналықты:  
Боз, ак, қызыл һәм қара — төрт бояудан  
Адамзаттың тағдыры жаралыпты!

\* \* \*

Жауынға, нұрға бөленген  
Жауқазын талант тас жарған.  
Өзіңнен — Тұңғыш өлеңнен  
Бір арман бізде басталған.

Өзіңе тартып, жан аға,  
Өстік қой жырға жақын бол.  
Сен туған момын далада  
Әкімнен гөрі ақын көп.

Өлеңі сонау даланын,  
Откерген балғын уақытты,  
Башпайың қүйген қара құм  
Байсары қандай бақытты!

Майсалы самал сайларда  
Майыса есіп майда леп,  
Сайрайды бозторғайлар да:  
«Сагидай жырлау қайда!» — деп.